

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



«БЕКІТЕМІН»  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық  
институтының ректоры  
Қ.М.Баймырзаев  
«10» Қаңтар 2013 ж.

ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ  
ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ПҚМПИ – 67

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келіскен	Келісілді
	П ҚМПИ -67	екінші	Н.Ю. Кифик	М.Ө.Телеген	Т.С. Байнов

Қостанай 2013 г.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013 ж.	Екінші басылым
Оқу құралдарын дайындау және жариялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы ереже	П ҚМПИ - 67	6 беттің 2 беті

1.1. Оқу, оқу –әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулар, практикумдарды дайындау, сараптамадан өткізу және жариялау жұмыстарын ұйымдастыру туралы осы Ереже Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 27 тармағына сәйкес әзірленді және оқу әдебиеттерін әзірлеу, сараптамадан өткізу мен жариялаудың ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1.2. Оқулықтар ҚР БҒМ бекіткен Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес әзірленеді.

1.3. Оқу материалдарын сараптау жұмысын институттың Ғылыми кеңесінің мүшелері арасында құрылған сараптама комиссиясы жүргізеді.

1.4. Жыл сайын, ағымдағы жылдың 15 қазанына дейін, кафедра меңгерушілері ОӘО оқыту-әдістемелік бөліміне басылым жоспарын келесі түрде ұсынулары тиіс:

№	Автордың аты-жөні	Жұмыс атауы	Даналар саны	Басып шығарылған беттер саны	Сараптама комиссиясына тапсыру мерзімі

Оқу әдебиетінің жарияланған бас

жоспары қайта қаралып және институттың Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

1.5. Оқу әдебиетін жасаушы Ғылыми кеңестің сараптама комитетіне мынадай құжаттарды тапсырады:

а) оқу әдебиеті сұлбасының екі данасы (баспа және электрондық);

б) жариялау үшін ұсынымдар енгізілген кафедра отырысынан, факультеттің әдістемелік бюросынан үзінді көшірме;

в) ғылыми дәрежелері бар мамандардың шолуы (ішкі, сыртқы).

1.6. Сараптама материалдардың сарапшылар комиссиясына берілген күнінен бастап, 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Кей жағдайларда, уақыт талабы сақталмағанда, берілген жұмыс автоматты түрде басылым жоспарынан алынып тасталынады. Автор аталмыш жұмысты келесі жылы ұсыну құқығынан айырылады (белгіленген уақытта жұмыстың көрсетілмеуінің дәлелді себептері болмаса).

Автор әр таралымнан 10% мөлшерінде қаламақы алуға құқылы.

Аталмыш басылымның оқу үрдісінде қолданылу қажеттілігі мен шын тұрғыда мәнділігіне сүйене отырып, басылым таралымы кафедра және факультеттің әдістемелік бюросымен анықталады.

2. Оқу құралдарының түрлері

2.1 Оқу құралы - студенттерді оқыту құралы болып табылады, оқыту бейініне және ерекшелігіне сәйкес оқу материалын ұсыну жүйесін қалыптастырады.

2.1.2. Оқыту құралдарының бірнеше түрі бар. Негізгілері, гносеологиялық даму және қолданбалы құралдар болып табылады.

2.1.3. Оқулықтардың гносеологиялық түрі, студенттерге ғылыми білімді меңгеруді қалыптастыруға бағыттылығымен сипатталады, ақпараттық-танымдық материалдарды қамтиды. Мұндай оқулықтың мәтіндік мазмұнының құрылымы бірқатар құрамдас бөлшектерді қамтиды:

- терминология нақты ғылымның, ғылым саласының тілі, оның мәнінің ашылуы.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013 ж.	Екінші басылым
Оқу құралдарын дайындау және жариялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы ереже	П ҚМПИ - 67	6 беттің 3 беті

- ұғымдық аппараты, пән мазмұнының құрамдас элементтері ретінде негізгі ұғымдарды анықтау.
  - материалдың теориялық мазмұнының дерек дәйектеуші мысалдарға сүйенуі (процесстер, құбылыстар, оқиғалар, объектілері).
  - заңдар (ғылымның белгілі бір саласындағы негізгі ережелердің) мен заңдылықтардың (себеп-салдарлық байланыстардың) ашылуы, оларды әзірлеу және қолдану.
  - өзекті теориялар, жетекші идеялар, бағыттар мен ережелерді шолу.
  - қарастырылған түсініктер мен ережелерге, көзқарастарға өзіндік баға беру.
  - оқу материалының мазмұның мәлімдеудің жалпы формалары ретіндегі қорытынды.
- 2.1.4. Дамытушы оқу құралдарының екінші түрі студенттердің баға беруін, өз тұжырымдарын, көзқарастарын, мәселені көруін қалыптастыруды көздейді. Осы оқу құралдарындағы ұсынылған бөлімдер студенттердің логикалық ойлауын дамытып, жаңашылдық компоненттерін қабылдай отыра өзінше шешім жасауға, шығармашылық ізденіске талпындыратын шығармашылық тапсырмаларды қамтиды.
- 2.1.5. Үшінші түрі - қолданбалы сипаттағы оқу құралы, пәндер бойынша студенттердің үйренген білімді қолдану дағдылары мен шеберлігін қалыптастыруды, аталмыш пәндер бойынша әрекет ету тәсілдерін игеруді көздейді және мынадай құрамдас бөліктерден тұрады:
- теориялық білімді қолдану принциптері мен ережелерінің сипаты, сабақ үстінде студенттер әрекетінің негізгі әдістерімен таныстыру;
  - берілген білім саласындағы теориялық және эмпирикалық секілді түрлі таным әдістерін сипаттау;
  - теориялық оқу материалын игеруге қажетті, нақты пәндер бойынша тапсырмалар, жаттығулар, талдауға арналған жағдайлар, логикалық операциялар енгізу.
  - негізгі дағдыларын қалыптастыру үшін тапсырмалар сериясын;
  - үйренген білім мен дағдыларды тексеру бойынша студенттердің өзіндік жұмысына арналған бақылау сұрақтары.
- 2.2. Әдістемелік құрал оқу құралының бір түрі болып табылады. Онда студенттердің оқуын ұйымдастыру, түрлі тапсырма жұмыстарын орындау бойынша әдістемелік ақпарат және кеңес бар.
- Оқу-әдістемелік материалдарды таңдауда тиімді әдістер мен белсенді оқыту, заманауи әдіснамалық жетістіктер, ақпараттық технологиялар, білім беру презентациялары, практикалық проблемалық-коммуникативтік, белсенді оқыту және модельдеудің бағдарламалық құралдарына баса назар аударылады.
- 2.2.1 Әдістемелік құралдың мазмұны мынадай құрылымнан болуы мүмкін:
- Әдістемелік құралдың міндеті сипатталатын кіріспе.
  - Оқыту тапсырмаларының қабылдануы, олардың міндеттері бойынша дидактикалық материалдар (жүйелі жаттығулар, оқу-әдістемелік әдістер мен ұсыныстар, дидактикалық құралдар және т.б.).
  - Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар (тақырыптық бөлімдер бойынша, немесе әрбір тапсырмаға). Кейбір әдістемелік нұсқаулықтарда тапсырманы орындау үлгілері беріледі (айталық, тапсырманың бірінші нөмірі).

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013 ж.	Екінші басылым
Оқу құралдарын дайындау және жариялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы ереже	П ҚМПИ - 67	6 беттің 4 беті

2.3. Оқу-әдістемелік құрал–білім беру бағдарламасымен қарастырылған, оқу материалын жақсы қабылдау және тереңдету, кеңейту үшін әзірленген оқулық. Оның құрылымында оқу материалы және оқыту әдістемесі мен оқыту пәнін игеру материалдары, оның бөлімдері және жеке бөлімдері бар.

2.4. Практикум–игерілген теориялық білім негізінде оқыту материалын тереңдете бекітуге себепші болатын оқу құралы. Оқу құралының мазмұны материалды түрліше мәлімдейтін бөлімдерге бөлінген. Онда, атап айтқанда, оқу пәні бойынша практикалық тапсырмаларсериясы ұсынылады:

Жаттығулар, тапсырмалар, дидактикалық материалдар, тренингтер, рөлдік үйретуге арналған және дамытушы ойындар талдау мен шешімді талап ететін тәжірибелік жағдайлар.

Тапсырманың түріне, оларды орындау бойынша әдістемелік көмек көрсету, студенттердің өзіндік жұмыс жасау қабілеттерін дамыту мақсатында түсініктемелер, талдаулар, практикалық кеңестер беріледі.

Қосымша ретінде сөздіктер (мысалы, оқытылып жатқан тілдер бойынша), глоссарий, жадынамалар, иллюстрациялар және қосымша материалдың басқа да элементтері орналасуы мүмкін.

Практикалық оқу құралында жеке авторлық материалдармен қатар құрастырушылар атап кететін басқа дерек көздерінен алынған материалдар тізімі қолданылады. Оларға мәтіндер, технологиялар, үлгілер, әдістемелер, өңделген оқу бағдарламалары, жобалық жоспарлар мен олардың үлгілері және т.б. жатады.

**2.5 Әдістемелік нұсқаулар** оқу құралының түрі ретінде оқу материалын зерттеуде қандай да бір мәселеге арналуы мүмкін. Онда осы мәселенің сипаттамасы және оны шешудің нақты жолдары мен тәсілдері көрсетіледі. Нұсқаулық иллюстративті материалмен берілуі мүмкін. Қорытындыда берілген мәселе бойынша қолданылған әдебиеттер тізімі беріледі.

### **3. ОҚУ ҚҰРАЛЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР:**

3.1. Оқу құралдарына қойылатын жалпы талаптар:

Мақсатты бағыттылық, оқу құралдарының нақты міндеттері мен мақсаттарының қойылуы; құрылымның айқындылығы; сұрақтарды қарастыру кезіндегі ғылымилық дәлелдеменің нанымды болуы; автордың оқу құралында қолданған түсініктер мен анықтамалар, терминологияны ашып көрсетуі; баяндаудың нақтылығы; сауатты түрде рәсімдеу.

Оқу құралының жазылу стилі ғылыми болуы тиіс. Онда әдеби, эмоционалды тіркестер, эпиграфтар, лирикалық оралымдар қолданылмайды.

Оқу-құралы мазмұнының қысқа да, анық болуымен, қарастырылған мағұлматтар толық және айқын көрсетілуімен ерекшеленуі керек.

### **4. ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ**

4.1. Оқу құралының дәстүрлі қалыптасқан белгілі бір құрылымы болады. Оның құрылымдық элементтері мыналар болып табылады:

- басқы беті;
- тақырыбы;
- кіріспе
- негізгі бөлім (негізгі бөлім оқу құралыны орташа есеппен 92-95% -ын құрайды)
- қорытынды;
- глоссарий және қосымша

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013 ж.	Екінші басылым
Оқу құралдарын дайындау және жариялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы ереже	П ҚМПИ - 67	6 беттің 5 беті

4.1.1. Кіріспеде автор ұсынылып отырған оқу құралының жалпы сипаттамасы беріледі, оқытылып жатқан пәндер жүйесіндегі орны мен міндеті анықталады. Оқу курсының логикасы, тақырыпты таңдау тәртібі белгіленеді (мысалы, пәннің тарихы, оның құрамдас бөліктері, теория мен практиканың өзара байланысы, бақылау сұрақтары, бекітуге арналған жаттығулар, ұсынылған әдебиеттер мен басқа да дереккөздер тізімінің белгіленуі және т.б.)

4.1.2. Кіріспе бөлімде келесі керек жағдайларды ескеру керек:

оқу құралының ерекшеліктері;

оқу курсының мақсаты мен міндеттері;

оқу құралының тақырыптары бойынша әдістемелік жұмыстар;

маңызды және күрделі тақырыптардың меңгерілуі, оларды оқытуға арналған кеңестер.

4.1.3. Оқу құралының әрбір бөлімі жаттығу тарауларына бөлінеді. Мысалы, оқу құралының «Психологияның әдіснамалық негізі» деген үзіндісі келесі жолмен орындалады:

Бөлім 1. Методология ғылымының жалпы сипаты.

Тар және кең мағынасындағы әдістің түсінігі.

«Ғылым», «философия» және «дүниетаным» т.б. түсініктерінің арақатынасы.

4.1.4. Оқу құралының әрбір бөлімінде оның сипаттамасынан кейін бақылау сұрақтары мен өзін-өзі тексеру және білім деңгейін өз бетінше бақылау тапсырмалары беріледі. Сұрақтар мен тапсырмалардың екінші бөлімі студенттердің білімі мен дағдыларын анықтап, олардың бекітілуіне себеп болуы мүмкін.

Оқу құралының осындай құрылымы студенттердің практикалық жұмыс кезінде өздік жұмысты орындау барысында өздерінің алған білімдерін қолдана алуды қадағалауға мүмкіндік береді. Тағы бір бірқатар сұрақтар мен тапсырмалар студентке терминологияны, ғылым тілін меңгеруге көмек көрсету үшін бағытталуы мүмкін. Бұл мақсатқа оқу құралына енгізілген глоссарий – түсінігі, оқу курсының термині қызметін атқаруы мүмкін.

Мысалы, оқу құралының «Денсаулық психологиясы» /Никифорова –СПб, 2003 редакциялығы /тарауы мұндай бақылау сұрақтарын қосады:

Денсаулықты анықтайтын белгілі тәсілдерге анализ беру.

«Денсаулық» түсінігін жүйе ретінде ашу.

Денсаулық пен аурудың өзара байланысының деңгейін көрсету.

Денсаулықтың психикалық және әлеуметтік межелерін атау және толық мазмұнды мінездеме беру.

4.1.5 Оқу құралының мазмұнында пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер міндетті түрде берілуі қажет, мысалы [2, 126], ондағы бірінші сан пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі дереккөзді, екінші – оның бетін білдіреді.

4.1.6. Қорытынды бөлімінде оқу құралының мазмұны бойынша тұжырымдар беріледі, оқу құралы бағытының басты міндетін шешу, осыдан пәннің логикасы, факторлары, маманның қалыптасуына себеп болу жағдайлары көрсетіледі.

4.1.7. Автор тарапынан оқу құралының бөлімдерін меңгеруге ұсыныстар берілуі мүмкін, бұл оқытушының дәрісін өнімді түрде қабылдауға, практикалық сабақта мәселелерді талқылауға белсенді қатысуға көмектеседі.

4.1.8. Қосымшасында біріктірілетін теориялық жағдайлар, идеялар, бағыттар, оқу құралында қарастырылатын суретті материалдар орналастырылады: бағдарламалар үлгілері, әдіснамалар, схемалар, кестелер, диаграммалар және тағы басқа материалдар элементтерінің сипаты.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013 ж.	Екінші басылым
Оқу құралдарын дайындау және жариялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы ереже	П ҚМПИ - 67	6 беттің 6 беті

### **5. ОҚУ ҚҰРАЛЫН РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

5.1. Оқу құралының титул бетінде оқу орнының атауы, факультеті, кафедрасы, оқу құралы орындалған жері; одан кейін автордың тегі, аты, әкесінің аты (толық), келесі жолда бас әріптермен – оқу құралының атауы (ортада) жазылады, төменде шыққан жылы және жері көрсетіледі.

5.2. Басқы бетінің екінші жағында сол жақ бұрышта БІБК, төменде тегі мен аты, бір жол төмен – ішкі және сыртқы пікір беретін рецензенттің Т.А.Ж. көрсетіледі.

5.3. Аннотацияда оқу құралының кімге арналып жазылғандығы (студент, магистрант, оқытушылар, біліктілікті көтеру курстарының тыңдаушылары), көтеріліп отырған мәселелер тізімі көрсетілуі тиіс.

5.4. Оқу құралының ISBN белгісі болуы қажет.

5.5. Оқу құралы А4 форматы, Times New Roman шрифті, жоларалық интервал 1, кегль 14, парақ жақтары: сол жағы- 30 мм., оң жағы 10 мм., төменгі және жоғарғы жақтары 20 мм. өлшемде жазылады. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме араб цифрлары және алфавиттік ретпен беріледі.

5.6. Оқу құралына қосымша әріппен таңбаланып, алфавиттік ретпен нөмірленеді (А, В т.с.с.).